

1 2007

85544

# БАҚҚОЖА МҰҚАИ

2





22

23

24

25

26

27

28

29

30

31

32

33

34

35

36

37

38

39

40

41

42

43

44

# **БАҚҚОЖА МҰҚАЙ**

«Ана тілі» баспасы  
Алматы — 2007 жыл



— відомий  
актор —

# БАҚҚОЖА МҰҚАИ

ништік шын мәннебейдің жаралған жаңы аудио CD дискінен.

Мұнайдағы даңғылдардың шығарылыштың жаңы мұнайдағы

## Таңдамалы

### ШЫГАРМАЛАР

ISBN 978 570-22-2

жыныстардың мәтіндермен. Мұнайдағы даңғылдардың мұнайдағы даңғылдар мен аудио CD дискінен.

Дискинде даңғылдар мен қорынан даңғылдар мен қорынан даңғылдар мен аудио CD дискінен.

*Екінші том*

Бұл томда даңғылдар мен қорынан даңғылдар мен аудио CD дискінен.

*Хикаялар*

Бұл томда даңғылдар мен қорынан даңғылдар мен аудио CD дискінен.

Мұнайдағы даңғылдар мен қорынан даңғылдар мен аудио CD дискінен.

00001018 - 01

4702323001  
TO 00 (02)-01 — М

ISBN 978 570-22-2

«Ана тілі» баспасы

Алматы — 2007 жыл

**ББК 84 Каз 7-44**

**М 83**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі*

*Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша шығарылды.*

**М 83 Баққожа Мұқай “Таңдамалы шығармалары” 2-том.  
(Хикаялар). — Алматы: “Ана тілі”, 2007, - 488 бет.**

ISBN 9965 670-55-2

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Баққожа Мұқайдың шығармалар жинағының екінші томына жазушының 1980-1990 жылдар аралығында жазған хикаялары енді. Бұл шығармаларға жеке тұлға және қоғам арасындағы қайшылыктар, сан түрлі адамдардың киын да қызық тағдыры арқау болған. Жазушының уақыт төзінен өткен, қалың оқырманнан әділ бағасын алған шығармалары заманмен үндес, рухтас. Манызын, көркемдік қуатын жоғалтпаган бұл шығармалардың ғұмырының ұзак боларына сенеміз.

4702250201

M —————— 07  
00 (05)-07

ISBN 9965 670-55-2


**ББК 84 Каз 7-44**

© Мұқай Б., 2007

© “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2007

---

# *Хикаялар*



## Аппақ ШЫМЫЛДЫҚ

Доғдырхан алқымнан алып түрған жұмысы жок, санақта бар, санатта жок кішігірім мекеменің қатардағы қызметкері. Бастығын қосып естептегендे барлығы бес адам. Мекеменің аты – дизотдел деп аталады.

Қалалық жерде тышқан емге табылмайды, сондықтан да бұлардың қолы бос. Бесінші адам – үй сипыруши кемпірден озгесі ұзақты күн ермек іздеп, ерігіп отырады. Жұмыс табыла қалса Доғдырханнан артылмайды. Осы мекемеге қызметке түрғанына бір ай болмаса да іске мықтап тосселип алды бастығы да, екі келіншек те оған сенеді. Доғдырхан озі қызық жігіт, жұмысқа келгенде не артсан да белі қайыспай котере беретін нағыз қара өгіздің озі және ешкімнің көнілін қалдырмайтын конілшек. Ілтипат білдіргендердің барлығына оліп жанын беруге бар. Озімен бірге істейтін екі келіншекті жаны қалмай сыйлайды, айтқандарын қалт еткізбей орындаиды; кейде онғимеге елігіп, олардың тапсырмаларын жұмыс аяғына дейін бітіре алмай қалса үйіне алып кетіп, ертесіне тап-түйнектай етіп әкеледі. Ракмет айтып жаткан ешкім жок, ракмет дәме ететін ол емес, келіншектердің тапсырмасын орындауды негізгі міндеттіндегі көреді. Күләш пен Бикен де солай ойлайды. Өйткені олар солай ойладап үйренген. Қызмет сылқым келіншектер үшін жанбағыстың көзі емес, жаналық естіп, “рухани” жағынан байып, көніл көтеріп қайту үшін ғана келіп кетеді. Өздері осылай ойлайды. Өйткені олар үшін тіршіліктің проблемасы шешілген, сондықтан да құйбен тірліліктің уайымын бөрінен де жоғары қоятындарға биіктен күле қарайды. Қүйсулерінің козімен қарайды. Доғдырхан олар үшін құйбен тіршіліктің уайымымен жүрген біреу. Сол себепті

оны күлкіге айналдырады. Оның есімін өзгерткен де осы екеуі.

“Сымбатты, коздің жауын алар көрікті жігітсің. Атағың бар. Бөрін бұлдіретін атың. Қой, жігітім, бұл есімді өзгерту керек”.

Олардың бұл созі сөл нөрсеге мұңайғыш жігіттің жарасының аузын алып түскендей болған. Екеуі оның осы уақытқа дейін жасырып-жауып келгенін көріп қойғандай беті дуылдал, өз атынан өзі жиіркентен, осы есімді талғаусыз бере салған ата-анасына ренжіген. Рентген аппараты арқылы асказанында немесе өкпесінде қатерлі ісіктің бары анықталғандай қатты күйзелген. Кінәсі бардай екі келіншекке тұра қарауға каймықканы да рас. Оны құтқарған Күләш. “Таптым, таптым! Хан! Хан боласың! Доғдырын алып тастаса болды”. Сол күннен бастап ол Хан аталағып кетті.

Бірақ шешесі оның жана есіміне үйрене алмай-ақ қойды. Әдейі істей ме, әйтеуір, үнемі шатаса береді. Шатаспаған күннің өзінде Хакен деп әндептіп созып жіберді. Оның осынысы Ханға қатты ұнайды, ыржалақтап құлетіні де сондықтан. Ал анасы қүйінеді, бірақ ашуызасын шығаруға жок, тағдырдың мазағына айналған жалғызын жүргегі езіліп аяиды.

Алғашқы күндері Хан жаңа есіміне бой үйрете алмай, бөтен біреудің жүйрік атын ұрлап мініп кеткен кісідей қысылып жүрді. Екі келіншектің арқасында осы бір оғаш сезімнің жайсыз әсерінен тез құтылды. Әдепкі кезде су жана костюміне шан жұқтырып аламын-ау деп құдіктенген кісідей қүйге түскені рас. Осы күні қысылмайды, қызармайды, әлдекім телефон соқса Ханмын дейді. Алғашқы әлетте “тарихи жаналықты” таныстарына үлкен күшпен түсіндіруге тұра келгені рас еді. Оның бәрі де өтті, қазір ол анасынан Хан болып туғандай әсерде. Тізім атаулының барлығына Хан Халықов болып тіркеледі.

Екі келіншектің күні бойғы ермегі – Хан. Екеуі де күлегеш, қалжыңбас. Кенсеге ханның қызығын ғана көруге келетіндегі бастары қосылысымен күнделігі әдеттерін бастайды. Бір қызығы Хан бұған ренжімейді, қашан болсын ыржиып күліп отырғаны. Кей күндері

олардын әңгімесінің тақырыбы өзгереді, арамызда ер адам отыр-ау деп қысылмайды, су жаңа жаңалықтарын айтысып, біраз жерге барып қайтады.

— Ойбай-ау, мынау отыр екен гой, — дейді бірі.

— Е, бұл өзіміз гой, — дейді екіншісі. Екеуінің әңгімесі қызық, сондыктан кейде Хан да араласып кетеді.

Ол жарытып әңгіме айта білмейді, әрине. Бір әңгімені бастайды да, ешқашан аяғына жете алмайды, сағыздай созып, езіп отырып алған соң екі келіншектің шыдамы таусылады.

—Әу, одан да Гамлет болып ойнап жібер, — дейді бірі, Ханға керегі осы, көп болсінбей бастап жібереді. Бірде Гамлет, бірде Ромео, енді бірде Қозы немесе Ақан сері. Ол бұлардың сөзін жатқа біледі, ешқашан шатаспайды, түн үйқысынан оятып, “ал, Хан, баста” десе де жаңылмайтыны анық.

Әдепкіде кібіртіктең бастап, келе-келе жыны ұстаған бақсыздай өзге дүниені үмытып, екі келіншек түсініп болмайтын ботен бір күйге беріледі; күніренеді, күйінеді, құледі, жылайды. Қозінен моншақтап жас парлайды, бірақ мұның екі келіншекке шыбын шакқандай да өсері жок. Ал ол қатты тебіренеді, біраз уақытқа дейін ботен сезімнен арыла алмай, өзіне-өзі келе алмай, мен-зен болып отырып қалады немесе иығы сөлбірейіп, сыртқа шығып кетеді.

Бикен мен Күләшқа керегі оның өнері емес, осы қылышы. Ішектері түйілгенше құледі. Ханның ең осал жерін әлдеқашан біліп алған екеудің оның “өнерін” аңсайтын сөттері де жи.

Хан екі келіншектің негізгі ниетін түсінбейді. “Бұлар мені шынында да бағалайды” деп ойлайды. Тіпті түсінген күнде де олардың талабын орындаудан бас тартпас еді. Өйткені Гамлет те, Қозы да, Ромео мен Ақан сері де оның жүргегінің құндағына бөлөнген үғымдар. Амалы не, театрда істеген жылдарында осылардың бір де біреуіне қолы жетпеді. Бұлар түгіл басқасына зар болған жоқ па. Бетінде бір тамшы қан жоқ, көнілденсе езуін керіп, көпіріп сөйлейтін, күйінсе өз басын өзі тоқпақтап жылап сөйлейтін режиссер

келісімен-ақ мұның соңына шырақ алып тұсті. Бұрын да үлкен рольге жарып көрмеген бұл енді қаһарманға ілесіп, сахнаға шығатын көп нөкердің біріне де жарамай қалды. Дуалы ауыздың дүғасына нанып сенген данқтан дәмелі жұрт мұның жыртысын жыртудың орнына шетке тепті. Шыдап-шыдап жүрді де, шарт сынды ақыры. Дуалы ауыздан есе қайтарамын деп жүріп театрдан кетіп тынды.

Мұның жүргегінің құндағында жатқан Гамлет, Қозы, Ақан сері, Ромео сол күні өлген. Өзі солай ойлаған. Бірақ олар өлмепті, кісінің киял, арманымен бірге жасайтын ұғымдарды өлтіру мүмкін емес еken. Ол осыны үқты. Соны түсінгелі бері қөкірегіне қайтадан желік бітті. Хан өнерден тыс “өнермен” өмір сүре бастады. Осының өзінен ләzzат, рақат тапты.

Театрдан кеткен күні ол енді қайтып жоламасқа бекінген. Бірақ көпке шыдамады. Театрда “Отелло” болады еken дегенді естіп, есі шығып кетті. Елден бұрын барып, балконнан орын алды. Партерде бос орын көп болғанмен, жүрттың көзіне түсуден қысылды. Театрдан кеткенін бәрі естіп алған тәрізденді. Ұзілісте де орнынан қозғалмады, спектакль біткенмен асықлады, ел біржола тарады-ау деген кезде сыртқа шықты. Көнілі қобалжып шықты. Үйіне жаяу қайтты.

Осыдан кейін-ақ ол қайтадан “театрмен ауыра” бастады. “Ақан сері – Ақтоқты” немесе “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” қойылатын құндері қызметтен шығысымен театрға қарай жүгіреді. Бос орын қанша көп болғанмен балконнан басқа жерге отырмайды. Кейде балкоnda сопайшыл жалғыз қалатыны бар. Шымылдықтың ашылып-жабылатын түсінда Хан ерекше толқиды, жүрегі өрекпіп, тыныш отыра алмайды. Спектакль басталардың алдында қайта-қайта күрсініп, керемет мазасызданады да ойын аяқталып, шымылдық жабылған сәтте көнілі босап, мықтап егіледі. Ел тарап, сопайшыл жалғыз қалған бұл ағыл-тегіл жылайды. Соңғы құндері осындаі бір әдет жабысты.

Түсінде үнемі үлбіреген аппақ шымылдықты көреді. Залда әрқашан жалғыз отырады. Осындаі кезде жылап оянады...

Үшеуі тамаққа да бірге барады. Көздің жауын алар қос келіншектің ортасындағы жалғыз жігіт көзге оқшаша түседі. Асханадағылардың көз тоқтатып қарайтын адамы да Хан. Ол мұны біледі, сондықтан мереій үстем. Жүрттың бәріне, әсірссе жас келіншектер мен қыздарға ұнап қалуға тырысатыны да рас. Бірақ ботен ой, бөгде пиғылы жок. Оның үғымынша, жігіттің жақсы екендігін, өзгелерден оқ бойы алда кетіп бара жатқан азамат адам екендігін сол әдемі келіншектер коріп, бағалауға тиіс. Ханның ойынша – осынау дүниедегі жақсы мен жаманның сарапшысы – қыз-келіншектердің козі. Яғни, оларға ұнағандар жақсы да, ұнамағандар жаман. Мұның барлығы Ханның жеке басының қорытындысы емес өрине, екі келіншектің миына күйған ақылы.

Бір қызығы – ол осы асханадан түстік ішетіндердің барлығымен бас изесіп амандасады. Алғашқы құндері әлгі келіншектер “осыны қайдан кордім” легендей таң қала қарасатын. Көздері үйрене келе Ханды көрісімен бәрі де бас изейтін болған. Олардың бір де біреуімен ресми түрде танысқан бұл жок. Сөйті тұрса да қыз-келіншектердің барлығы озін соншалық жақсы танитын секілденеді. Ойткені Күлош пен Бикен: “Ойбай, сені сахналан коріпті, кинодан көріпті”, – деп соғады. Ханның сенбеске амалы жок. Бекежанның көп нөкерінің бірі болып “Қыз Жібек” фильміне түскені рас. Бір кадрда атқа шауып бара жатқан топтың ішінде бұл да бар. Әлгі көптің қайсысының Хан екенін өзінен өзге ешкім де білмейтіндігімен мұның ісі жок. Әйтеуір, киноға түсті деген сөзге моз. Екі келіншек оспактап мактағанда осыны қөnlіне медеу тұтады.

Асханаға кірісімен жан-жағына жалтандап мазасы кетеді. Ойткені әрдайым әлдекім ту сыртынан сұқтана қарап тұрған тәріздене береді. Сонан соң ол көз таныстарының барлығымен сәлемдесу парызым деп үғады. Оның бұл әрекеттерін өздерінше қорытып, өздерінше байлам жасайтын қыз-келіншектердің ойы басқа. Олардың қай-қайсысының да өзін Джулеттадай сезінетін көміл. Әйел баласын “орбитасынан” шығарып жіберетін күш – еркектің козі. Тіпті сонғы құндері екі иығына

екі кісі мінгендей дөу қара қыздың өзі көйлек ауыстырыш болып алды. Дүрдіген қалың ернін шиқандай етіп бояп алатынын қайтерсің. Беті ұнға шала аунатып алған котлет секілденіп тұрады. Қарсы келіп қалғанда шолақ мұрнының нобайы жоғалып, үнірейген қос тесік қана қалады.

Хан оны кеше танымай қалды, тесіліп ұзақ қарады. “Апыр-ау, мұны қайдан көрдім” деп дал. Шашы сап-сары, бүп-бүйра, беті бұзау жалағандай. Бейтаныс азу тісін көрсетіп, аксия күлді. Хан сасқанынан ежелгі өдеті бойынша, ізет білдіріп, бас изеді. Ол алдыңызға тұрайыншы деп қылды. Оны енді ғана таныды, астынғы қабатта қызмет істейтін дәу қара қыз. “Қалай озгеріп кеткен”, – деп таң қалады.

Ханың алғаш анғарғаны – сары шаш қара адамға жараспайды екен. Неге скенін, алдында тұрған қызға қайта-қайта қарай бергісі келді. Оны бөлendez үнатып тұрмаса да озіне қаратып, сойлескісі бар. Хан қыздың күжірейген жуан желкесіне тесіліп ұзақ қарады. Кенет қызы бүкіл денесімен бұрылып, ебедейсіз қозғалып еді, Хан селк ете тұсті. Өңқиіп өзіне төніп тұрған қызға тұра қарауға қаймықты.

– Мен сізді білемін, – деп күж ете тұсті ол.

– Мен де білемін, – деп мінгірледі Хан. Осы сәт қыз корбандаپ, қолын нанға созды. Абыржып тұрған жігіт басын қорғаштап шегіне беремін деп, артында тұрған келіншектің аяғын басып кетті.

– Ой, мама! Көзінізге қарамайсыз ба?..

Өліп-талып жатып, екі келіншекте тамақ алып шықты-ау, әйтеуір. Тамаққа бөлendez зауқы соқпаса да отырды, бірақ ішкені ірің, жегені желім болды. Жеті қат жердің астындағыны біліп қоятын келіншектер дәу қыздың ниетін түсінген болу керек, алыстан орағытып әнгіме бастады. Алдымен қыз-келіншектердің бұзылып бара жатқанын, беті жылтыраған ерекек көрсө бәрінің алтын көргендей үймелейтінін, бой тұмардай сақтар ар-ұттын бір жолғы қызыққа айырбастап жіберетінін ұзақ әнгімеледі. Асханада басталған сөз бөлмеге келген соң да аяқталмады. Ақыры екеуі келісіп алғандай қара қызды мақтай жөнелді.

— Мен білетін қыздардың ішіндегі сабырлысы сол, — деді Бикен. — Оның соңынан ебелек сияқты талай жігіт жүгірді. Бірақ бір де біреуіне пысқырып та қараған жоқ. Өзіміз болсақ сол пысықай жігіттердің біреуінің қақпанына әлдеқашан түсіп қалар едік.

— Мінезін айтсанышы, шіркін! — деп таңдай қақты Күләш. — Устінен түйе өтсе де былқ етпейді. Қай жігіттің жұлдызы жанайын деп түр екен. Бауырлары да мықты жерлерде істейтін көрінеді. Біреуі анау кісімен жақсы дейді.

— Е, бәсе, біздің Сәлкен де бір нәрсені біледі ғой. Ол осы қыздың соңына біраз түсіп еді, ақыры жолы болмады.

— Қойши, ей! Сәлкенге көнбеді ме? Масқара! Одан артық қандай жігіт керек екен оған?

— Мен болсам әлдеқашан-ақ Сәлкеннің түп етегінен мықтап ұстар едім.

Келіншектердің мына әңгімесіне таңырқаған Ханның аузы ашылды да қалды. Дәу қара қызды көз алдына елестетті, бірақ манағы сұрықсыз бейнені емес, мықтап сұргіленіп, өнделген әдемі кескінді көрді. Құлағына коныраудай сыңғырлаған әдемі үн шалынды. “Мен сізді білемін”.

— Өзі біздің жігітімізді ұнатып қалған сияқты.

— Иә, мен де байқадым. Мұның киноға түскенін ол білетін сияқты. Мырза жігіттің тасы өрге домалайын деп түр-ау.

— Эй, кайдам, біздің жігітімізде төуекел жоқ па деп қорқамын.

— Ой, құдай! Жалтақтайтын несі бар, тамырын басып көру керек. Мұның батылы жетпесе өзім барып айтамын. Өзі ниет білдіріп түрған сұлу қыздан қашып, мұны жын қақты деймісін.

Хан мықтап қысылды. Дәу қара қызға ұнап қалғаны үшін өзін кінәлідей сезінді. Жапақтап екі келіншекке кезек қарап шықты. Олар мұның жаңа-жана тұтана бастаған сезімін үрлеп, өршіте түсті. Екеуінің әңгімесінің әсері ме, біраздан соң қара қыз бұған шынымен-ақ үнай бастады.

Ертесіне ол түстің болуын асыға күтті, жүргіттан бұрын асханаға жүгірді. Бірінші болып кезекке түрді, тамақ алып

шығуға асыққан жок, сонындағыларды өткізіп жіберіп, жан-жағына алақтап, мазасы кетті, бірақ қара қыз жуық арада келе қоймады. Екі келіншек асықтырган соң, керек нөрсөлерін алып шықты, тамаққа тәбеті жок, шұқып жеп тойып қалды. Құләш пен Бикен қара қыз туралы неше түрлі “таңғажайып” әңгімелер айтып, оның қөкірегіндеге енді-енді маздай бастаған отқа май құя түсті.

Кешкісін қызметтен шығысымен ешкімнің көзіне түспейтін жерде тұрып, қара қызды күтті. Кеш батты. Әр түрлі мекемелер орналасқан төрт қабатты үйдің есігі де жабылды, ол жок. Қоңлі құлазып, үйнеге қайтты.

Ертесіне де осы жағдай қайталанды. Ол демнің арасында өзгерді, жұмысқа да, әйелдердің әңгімесіне де бұрынғыдай қызықпайды, салғырт тындал, саран жауап береді. Қенсеге келген соң бұрынғыдай іске кіріспейді, болмеге бір кіріп, бір шығып мазасы кетеді. Асханаға да елден бұрын барып, соң қайтады. Қара қызды жоғалтып алып, таба алмай жүргеніне бірнеше күн. Ол құмға сіңгендей жым-жылас болды да кетті. Ол күн сайын өзгеріп тұратындағы Хан әдемі дейтін қыз-келіншектердің бетіне үніліп қарайды. Бірақ мен сол едім деп езу тартатын біреуі жок, бұл тесіліп келіп қарағанда қай-қайсысы да қызарып теріс айналады.

Екі келіншек үлкен шаруа тындырғандай мәз, Ханды көрісімен шиқылдап келіп күледі. Сонаң соң ананы-мынаны айтып, оның басын қатырады, қайрайды, басқа келіншектерге айдал салады. Бірақ Ханға қара қыздан басқа ешкімнің де керегі жок. Қара қыз оның жүрөгін жаулап алған. Қызметіне жау қуғандай асығып келеді, қара қыз есік алдында күтіп тұрғандай үміттенеді. Содан не керек, тұннің бір уағында аяғын сүйретіп басып қайтып келеді. Төсегіне шалқасынан түсіп жатып алып, ыңылдап “Зәурешті” айта бастайды. Бұл оның ежелгі әдеті.

Жетінші күн дегенде қара қыз келді. Оны Хан асханада сыртынан көріп қалды. Бірақ жақындаған батылы жетпей-ақ қойғаны. Қуанғаны соншалық,

жүгіріп жүріп, екі келіншектің алдына өр түрлі тағамдарлы үйіп тастады. Бикен мен Құләш “жігіттерінің” бүгінгі қылышының мөнісін бірден түсінді. Кенсеге қайтып келген соң Құләш пен Бикен екі жақтап оған қызыбен сөйлесудің әдіс-тәсілін үйретті. Хан жымындау құліп, бас шұлғыды да отырды. “Қатырамын” деп ойлады. Екі келіншектің ақыл-кенесінен кейін қара қызды “қатыратындығына” еш күмөні қалмады. Қыз айналдырудың откен жеңіл шаруа жоқ секілденгені де рас. Баяғыда бір-екі рет беті қайтқаннан кейін қызға сөз айтудан киын ештеңе жоқ деп ойлайтын. Бекер алданыпты. Әдісін білсе қыз шіркінді телпекпен үршіп алуға болады екен.

Әдеттегідей екі келіншек сағат үшінде қайтып кетті. Жалғыз қалған Хан тықыршып, тыныш отыра алмады. Қара қыз жұмыстан ерте кетіп қалардай қайта-қайта сыртка жүгіріп, берекесі кетті. Осындауда уақытта шабан. Ақырының шыдамы таусылған Хан киініп, сыртка шықты. Есіктің алдында қызырыстап, біраз жүрді. Сағат алтының кезінде жолдың екінші шетіндегі жуан теректің тасасына барып тұрды. Кон күттірмей қара қыздың нобайы көрінді. Сол-сол-ак екен мұның жүргегі дурсілдеп, қатты жүгіріп келіп тоқтай қалған кісідегі алқынды да қалды. Екі беті ысып, дуылдай жөнелді. Қара қыз аяңдап, аялдамаға қарай беттеді. Кенет бейтаныс жігітке жолығып, тоқтай қалды. Теректің тасасынан енді шықлақшы болып тұрған Хан оқыс кідірді. Әлгі екеуі ұзак сойлесті. Қарап тұрып мұның бейтанысқа ашуы келді. Қара қызды қызығана бастады. Өзі бұрынырак көрген олжаны енді алмақ болып үмтүла бергенде, катарындағы әлдекім қағып әкеткендегі іші ашыды. Әуестігі жоқ болса да жанынан отіп бара жатқан әлдекімнен темекі сұрап тартты. Бүйтіп темекі тартқаны бар болсын, тұтінге тұншығып, өліп кала жаздады. Өзіне-өзі келген соң басын көтеріп караса, әлгі екеуі аяңдап, біраз ұзап кетіп. Ол жебей басып, екеудің сонынан жүрді.

Іші қыз-қыз қайнайды, озін-өзі қайрап қояды, бірақ әлгілерді қуып жетіп, қара қызды боліп әкетуге батылы жетпей-ак койды. Мұның сорына, қара қыз бір рет те

соңына бұрылып қарамады. “Қараса анау жуликті тастай берे маған қарай жүгірер еді”, – деп өзін-өзі алдады.

Қара қыз имиген үзын жігітті жаңа көргендей сампылдалап сөйлеп, саңқылдалап құліп барады. Бұл жетектегі бұзау секілді сүменидеп ілесіп келеді. Қанша жүргенін өзі де білмейді, бір кезде басын көтерсе алдында әлгі жігіт жалғыз кетіп барады екен. Енді байқады, қыз автобусқа отырып алыпты, мұны коріп, саусақтарымен терезені шертіп, аксиип құлді. Бұл ес жиғанша автобус орнынан қозғалып кетті. Хан далбасалап автобустың соңынан тұра жүгірді.

\*\*\*

Ертесіне мұны әйелдер ортаға алды. Алдымен ынжықтығын бетіне басып, әбден үялтты. Сонан соң әдеттегідей қызben сөйлесудің әдіс-тәсілін үйретті. Кемшілігін мойындаған “айыпкер” соттың әділ үкіміне карсылық білдіре алмай, қара қызға жүрегінің “қанымен” хат жазды. Хатты өз қолымен жазғанмен құрастырған екі келіншек. Бір тұста “мен бұлай дей алмаймын ғой”, деп басына бәле тілеп алды. Екі келіншек қайдағы жоқты айтЫП, зықысын шығарды. Хаттың мазмұнына іштей карсыласа тұра пікірін ашық айтуға лоті бармады. Сойтіп амалсыз келісті. Хатты тұстө кара қызға салтанатты түрде табыс етпек. Қыз шіркіндерден әбден запыс болып қалған бұған танысып, табысудың бұдан женіл жолы жоқ секілденгені де шын. Сондықтан да хатты оның қолына ұстата салу соншалық онай жұмыс болып көрінді.

Бірақ масқара болғанда, қара қызды көргенде берекесі кетіп, бүгежектеді де қалды, хат тапсыру қайда, жанына жақындауға батылы жетпеді. Сойтіп “операция” сәтсіз аяқталды.

Бөлмеге қайтып келген соң екі келіншек оны түтіп жеп қоя жаздады. “Ондайың бар екен, сен бізді неге өурелейсің? Қайдағы бір қара қызға қаншама асыл сөзіміз кор болды.Масқара-ай!” – деп Күләш шықты. “Бұл бізді жүрттың алдында үятқа қалдырыды. Енді не бетімізді айттық?! Ой, ужас!” деп Бикен сұнқыллады. Ханның айтар пәтуасы көп еді, кінәлі болғандықтан

ұн демеді. Жазықты болып, тақтаның алдында шыққан шәкірттей басы салбырап, түрдө да қойды. Келіншектер мұның жер-жебіріне жетіп, сөгіп алды да, ештеңе болмағандай басқа әңгімеге көшіп, сылқ-сылқ күле бастады. Сосын қайтадан Ханды әуреледі. Оған өз “тәжірибелерін” үрретті. Сөйтіп хат тапсыру біржола сыйылып, ол қызбен ауызба-ауыз сөйлесетін болып уәде берді. Әдеттегідей сағат үш шамасында екі келіншек үйлеріне қайтты.

Жалғыз қалған соң Хан “сөзге” дайындалды. Ойын қағазға түсірді. Онысын әлденеше рет қайталап оқыды. Тіпті жаттап та алды. Ертерек шығып, күндегі орнына барып тұрып, есік аңдыды. Сағат тұра алтыда қара қыз шықты да, аялдамаға беттеді. Бұл аяңдан қыздың сонына түсті. “Ешкім жолықпаса екен”. Бар тілегі осы. Міне, автобус аялдамасына да жетті. Қорқа-қорқа қара қыздың ту сыртына келіп түрдү. Екі тізесі дірілдейтін сияқты, беті ду-ду жанады. Қыз бұрылышы қараса шалқасынан түсердей өсерде. Қара қыз мұның ойын біліп қалып, дүйім жүрттың көзінше бажылдан үрсатын секілденіп, терлеп кетті. Кетіп қалу керектігін біледі, бірақ мойнына байланған шылбырдың бір үші қыздың қолында тұргандай қозғалуға шама жок. Екі қолы қалтада, бір жапырақ қағазды тас қып ұстап алған. Хат әлдекімнен үрлап алған аса бағалы бүйым төрізді.

Автобус келіп тоқтады. Қара қызға ілесіп бұл да ішке кірді. Қыздың сырт жағына барып отырды да, көзге түсіп қалмау үшін терезеге бұрылды. Біразға дейін дәл осы қалпы тапжылмай отырды. Автобус үшінші аялдамаға тоқтаған кезде барып, алдына қарады. Көзі қыздың желкесіндегі қара менге түсті. Қара мен оған сұлулықтың бір белгісі тәрізденді. Автобус қозғалған сәтте тәнірегіндегі қыз-келіншектерге қарап шықты, бәрінің беті жып-жылмағай, жып-жылтыр, бірде-біреуінде мен жок. Олар бұған беттеріне грим жасап алғандай болып көрінді. Кенет әлдекім иығынан нұқып жіберді.

— Сіз қайда кетіп бара жатырсыз?

Қара қызды көріп, орнынан атып түрдү. Қазіргі аялдамада тұсу керектігін түсінді.

— Қазір тү-семін, — деді ол асып-сасып. Сосын:—

Солеметсіз бе, – деді күлімсіреп. Қыз өнтек езу тартты да, есікке беттеді. Автобус тоқтады. Екеуі бірінің сонынан бірі сыртқа шықты.

– Сіздің атыңыз кім еді? Ұмытып қалып тұрмын, – деді қыз тротуарға түскен соң.

– До-оғ...Ха-а-ан...

– Хан? – Қыз сықылықтап күліп жіберді. Жігіттің беті ду ете түсті.

– Менің атым – Гүлжайна, – деді қыз күлкісін кілт тыйып. Жігітке қолын ұсынды.

– Ха-а-ан, – деді екі беті өрттей жанған жігіт тұтығып.

– Қалай қарай жүресін?

– Бы-ыла-ай қарай жүремін, – деді жігіт алдыңғы жақты иегімен нұсқап.

– Жолымыз бір екен. Мынаны көтере жүрініз.

Картошка салған үлкен көк торды Ханға үстата салды. Қызben бірге жүруге сылтау табылғанына ол қатты қуанды.

Гүлжайнаның адымы кен. Хан мықшындал, оған ілесе алмай қалып қоя береді. Көптен бері ауыр жүк көтермелегендікі ме, жиырма-отыз адым аттамай жатып, кара терге түсті. Тіпті алқына бастады. Мұны мұсіркеді ме, қара қыз:

– Шаршасаныз өзім алып жүрейін, – деп торға қолын созды. Хан шыр-пыр болып, торды ала қашты. Гүлжайнадан енді ондай сөз естімес үшін алдыға түсіп алып, тымпындал желе жөнелді. Қыздың үйіне жеткенше екеуі ләм дескен жоқ.

– Ой, ракмет! Сіз болмағанда осы уақытта орта жолда келе жатар едім. Қарулы екенсіз.

Ханның мерейі өсті. Өзінен әлдеқайда зор қыздың қарсы алдына екі қолымен екі бүйірін таяндып, төлтиіп тұра қалды. Қымсыныс, ұялу ада. Бойын ерекше жігер кернеп, тау қопаардай құлшынды. Екі иығын әрі-бері қозғап, шалқая түсті. Осы сәт қыз бұған “мені бесінші қабатқа көтеріп шығар” десе де бас тартпас еді.

– Мен мына үйде тұрамын. Үйге кіріп, шай ішініз.

— Жо-жо, рақмет! Асығыспын.

Айтарын айтқанмен кете қоймады. Гүлжайна да асықпады. Біріне-бірі құле қарап, ұн-тұңсіз біраз тұрды. Екеуінің де айтылмаған бір сөзі бардай. Бірінен-бірі жылы лебіз күтетін сыңайлы.

— Ал жақсы!.. Сау болыңыз! — Гүлжайна қолын ұсынды. Бойын құш кернеп тұрған Хан оның қолын барынша қысты. — Ой, мама-а!

Бұл қылышының әбестеу болғанын біле тұра Хан марқайып қалды. Гүлжайнага тағы бір өнер көрсеткісі келді, бірақ ретін таппай дымы құрыды.

Былай шыққан соң қолына қарады, жұдырығын жұмды, қайта ашты, сосын ақырын ғана езу тартты. “Қызық болды”, — деп шиқылдаپ құліп алды.

Әдетте жаяу жұруге ерінетін Хан бұл жолы кісі көп жүретін көшемен алшан басып, үйіне тартты.

\*\*\*

Екеуінің арасындағы хикая осылай басталды. Хан күн сайын жұмыстан кейін Гүлжайнаны күтіп алады. Автобусқа қатар отырып, таныс аялдамадан түсіп қалады да, аяндал жаяу тартады. Жігіт әдеттегідей картошка толы көк торды көтеріп, алға түседі де, Гүлжайна өнкендең, оның соңына ілеседі. Есіктің алдына келген соң екеуі үйреншікті сөздерін айтып, біраз тұрады, соナン соң Хан алшан басып үйіне қайтады. Ол осыған мәз. Бұрын қайдағы жокты ойлап, сіркесі су көтермеуші еді, қазір уайым шекпейді. Есінен екі елі шықпайтын театрын да ұмыта бастады. Гамлет пен Ақанды, Қобланды мен Қозыны сахнада ойнап жүргендей емес, өмірде солардың нағыз өзі болып жүргендей бір мажыран қүйде.

Әйелдер құрастырған хат әлі қалтасында жүр. Күн сайын үйіне қайтып оралысымен хатты таза қағазға көшіріп жазуды әдетке айналдырып алды. “Ертең Гүләға тапсырамын”, — дейді. Бірақ жеме-жемге келгенде батылы бармайды. Қайта-қайта көшіріп жүріп хатты жаттап алған. Гүлжайнаны шығарып салып, қайтып келе жатқанда хаттағы сөздерді айтып, күбірлеп сөйлейтіні бар. Мұндайда көнілі елжіреп, ғажайып күйге бөленеді.

Кошени басына көтеріп айқайлағысы, ән салғысы келетіні де рас.

Кейінгі уақытта ол мықтан өзгерді, жұмысқа ерте келіп, кеш қайтады. Әдеттегідей шаршап-шалдығып, қабағы түнжырамай әндептіп қайтады. Жалғыз ұлының мұнысына байғұс ана түсіне алмай таң. Суыртпақтал сыр тартып коріп еді, “Жақында үлкен жаңалық болады, апа. Дайындал”, – деп қарқылданап күлді. Оның қандай жаңалық екенін анасы соңғы күндері ғана түсіне бастады. Қуаныштан жүргегі жарылып кетуге шақ жүр...

“Е, тоуба, жолын онғара көр жалғыздың!... Дүшпанға таба, досқа күлкі ете көрме жалғызымды”, – деп күніне Алласына сан мөрте жалбарынады. Онаша қалғанда өткен-кеткен есіне түсіп, егіліп жылап алады.

Олмелі кемпірдің көзіне жиі-жіі жас алатыны бекер емес. Он құрсақ көтерді, олардан тірі қалғаны жалғыз Хан. Ол мектепті де оқып жарытпады. Жетінші кластан сон тракторшылар курсын бітіріп, екі жыл колхозда әр түрлі жұмыс істеді. Сөйтіп жүріп халық театрына кірді де, үй бетін көрмейтін әдет тапты. Байғұс ана бөріне көнді. Амалсыз көнді. Балалары бірінен соң бірі шетінеп, әбден зәрезеп болып қалған ана оны бетінен қақпады, жолын кеспеді. Ұлы Алматыға әртістің оқуына кетемін дегенде де іштей қарсы бола тұра, көлденен тұра алмады. Бес жылдан кейін үй-мұлкін сатып, Алматыға көшіп келді. Ағайынтуғанның сөзін құлағына да қыстырмады. Жалғыз ұлды қанғыртып жіберіп, жаны жай таппасын түсінді. Азын-аулак қаржысына қаланың шетінен бір бөлмелі үй сатып алды. Мұнда көшіп келгеніне де алтыншы жылға айналып барады. Қаланың өміріне көнбеспін-ау деуші еді. Ауылын ойласа ет жүргегі езіліп-ақ кетеді. Алғашқы жылы “ауылға көшейік” деп күн сайын қыңқылдайтын. Бірақ Ханды иліктіре алмады. “Үкімет жібермейді ғой, апа”. Ұлының осы сөзі тұсау болды. Келе-келе қаланың өміріне үйреніп кетті.

Кемпірдің бір ғана арманы бар еді. Ол – баласын үйлендіріп, немере сую. Рас, Хан бір-екеуінің сонына

түсті. Олар кемпірдің қолынан дәм де татты. Әнеміне, деп жүргенде екеуі де айнып шыға келді. Хан көпкө дейін есендіреп, есін жия алмай жүрді. Кемпір де осыдан кейін ұлын қамшылауын қойды.

Жолы болмаған Хан ішуді бастады. Аузына арақ тисе мінезі шатақ. Бір ауыз артық сөзді көтере алмайды. Үйге талай рет бет-аузын боятып келді. Ұлын коргенде кемпір егіліп тұрып жылайды. Шешесін жұбатып отырып ол: “Нешоуа, оларды қатырамын”, – дейтін. Берері белгісіз келер құндеріне сенім артып, өзін-өзі жұбататын. Келе-келе ол тобелесті қойды. Ханның мінезін білетіндер бас қосылған жерде оны кекеп-мұқамай, өтірік мақтап, өтірік қолпаштап отыратын болды. Жалған айтып көрмеген ол осындаі кездерде өз шындығын өзгенін өтірігіне оп-онай жығып бере салады. Жығып бере салуға мықтап үйреніп алды. Өйткені ол оз шындығынан зияннан басқа ештеңе де таппады. Ел қатарлы өмір сұру үшін өзгенін өтірігіне өзінің шындығын қарсы қоюға болмасын Хан кеш те болса түсінді. Бұрынғыдай топтың ортасынан суырылып шығып, дегдарсуын, сөл нөрсеге талағын, бет жыртысуды біржола қойды. Әсіреле театрдан кеткелі бері томага-түйік болып алған. Жұмыстан келген соң шешесімен де шешіліп сөйлеспейді. “Қаракыпшақ Қобланды” немесе “Қозы Қөрпеш – Баян сұлуды”, ия болмаса Шекспирдің бір томдығын қолына алып, күбірлеп оқып отырғаны. Осындаіда байғұс ана жалғыз ұлын жан жүрегі езіле аяп кетеді. Сыртқа шығып кетіп, жылап алады. “Аяғы ақсақ, козі соқыр болса да мына молаға бір шүйкебасты кіргізсе еken”, – деп Жаратқанға жалбарынады. Ақыры, міне, Жаратқан ием кемпірдің тілегін қабыл көрген сияқты. Жалғыз ұл мұның жүрегі жарылар жана хабар естіртті. “Жақында үлкен жаңалық болады, дайындал”, – деді. Содан бері кемпір байғұста ес жоқ. Ертеден кара кешке дейін тыным таппайды. Бұрын үйінен үзап шықпайтын кемпір осы күні қыдырымпаз, дүкеннен дүкен аралап, кештетіп қайтады. Пенсиясынан жырымдап жүріп жинаған акынаша жүз ойланып, мын толғанып жүріп біраз зат алды.